

Д. Мәсімханұлы* , А. Әбиденқызы 

Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Қазақстан, Алматы қ.

* e-mail: masimkhan-63@mail.ru

ҚЫТАЙДАҒЫ ТҮРКОЛОГИЯ: КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЖӘДІГЕРЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ЖЕТЕКШІ ҒАЛЫМДАР

Қытай елі – көне түркі тарихы мен мәдениетіне қатысты мол әрі құнды деректердің ғана отаны емес, көне түркі жазба жәдігерлерін зерттеуде де қыруар жұмыс жасап, толайым табысқа жетіп отырған мемлекет. Әсіресе ХХ ғасырдың 70-ші жылдарының соңғы жартысынан бастап Қытайда көне түркі жазба жәдігерлерін зерттеу ісі жаңа сапаға әрі мүлде биік сатыға көтерілді. Атап айтқанда, қытай ғалымдары ежелгі дәуірдегі Күлтегін, Білге Қаған, Төнікөк ескерткіштерінің жазуы мен тілінің ерекшелігінен бастап, Шынжаң өңірінен, Орта Азия аймағынан, басқа да шетелдерден табылған, уақыт тұрғысынан орта ғасырларға тән түркі жазба жәдігерлерін, әсіресе Тұрфан өңірінен, Дунхуаңдағы Мыңұйден табылған көне түркі жазба жәдігерлерін зерттеуде елеулі жетістіктерге жеткені белгілі. Біздің бұл мақаламызда Аспан еліндегі көне түркі жазба жәдігерлеріне қатысты зерттеулер жан-жақты қарастырылады, ол еңбектердегі жаңа ойлар мен тың пікірлер, соны тұжырымдар сарапқа салынады. Сонымен бірге көне түркі жәдігерлерін зерттеу саласында талмай еңбек етіп, жалпы түркология ғылымына лайықты олжа салған, әлемдік түркология ғылымда есім-сойлары белгілі ғалымдардың басты еңбектеріне ғылыми талдау жасалады, таныстырылады.

Түйін сөздер: түркология, қытай, ежелгі түркілер, жазба жәдігерлер, қытай түркологтары.

D. Massimkhanuly*, A. Abidenkyzy

R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: masimkhan-63@mail.ru

Turkology in China: study of ancient turkic written artifacts and leading scientists

China is a country that is not only home to rich and valuable data on ancient Turkic history and culture, but also has been doing a lot of work and success in studying ancient Turkic written artifacts. Especially since the last half of the 70s of the XX century, the study of ancient Turkic written artifacts in China has reached a new quality and a completely high level. In particular, it is known that Chinese scientists have made significant progress in the study of ancient Turkic written artifacts characteristic of the Middle Ages from the point of view of time, especially in the Turfan region, in the Millennium House in Dunhuang, from the peculiarities of the writing and language of ancient monuments of Kultegin, Bilge Kagan, Tonikok, found in the Xinjiang region, the Central Asian region, and other foreign countries. In this article, we will consider in detail the research related to the ancient Turkic written artifacts of the Middle Kingdom, new ideas and new opinions in the works, as well as conclusions. At the same time, a scientific analysis of the main works of scientists who worked tirelessly in the field of research of ancient Turkic artifacts, made a worthy find for the science of Turkology in general, whose names are known in the world of Turkology, will be presented.

Key words: Turkology, China, ancient Turks, written artifacts, Chinese Turkologists.

Д. Масимханұлы*, А. Абиденқызы

Институт Востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: masimkhan-63@mail.ru

Тюркология в Китае: изучение древнетюркских письменных артефактов и ведущие ученые

Китай – страна не только с богатыми и ценными данными по древнетюркской истории и культуре, но и с большим успехом работает над изучением древнетюркских письменных артефактов. Особенно с последней половины 70-х годов XX века изучение древнетюркских письменных артефактов в Китае достигло нового качества и совершенно высокого уровня. В частности, известно, что китайские ученые добились значительных успехов в изучении древнетюркских

письменных артефактов, характерных для средневековья с точки зрения времени, от особенностей письменности и языка памятников Культегин, Бильге Каган, Тоныкок, в Синьцзянском регионе, регионе Средней Азии, других зарубежных странах, особенно древнетюркских письменных артефактов из региона Турфан, Цяньфодун в Дуньхуане. В этой статье подробно рассматриваются исследования древнетюркских письменных артефактов Поднебесной, в которых обсуждаются новые идеи и новые мнения в трудах, а также выводы. Кроме того, будет проведен научный анализ и презентован основной труд ученых, известных в мировой тюркологической науке, которые неустанно трудились в области изучения древнетюркских артефактов и стали достойной находкой для тюркологической науки в целом.

Ключевые слова: тюркология, Китай, древние тюрки, письменные артефакты, китайские тюркологи.

Кіріспе

Қытайдағы тюркологиялық зерттеу жұмыстарының басым бағытының бірі – ежелгі түркі ескерткіштерінің мәтіндерін, көне ұйғыр жазуы мен шағатай тіліндегі жазбаларды зерделей отырып, сол арқылы түркі халықтарының сол замандағы қоғамдық-әлеуметтік жағдайын, әкімшілік құрылымын, мәдениеті мен өнерін, діні мен дүниетанымын зерделеу болып табылады. Бұл ретте қытай ғалымдары ежелгі дәуірдегі Күлтегин, Білге Қаған, Төнікөк ескерткіштерінің жазуы мен тілінің ерекшелігінен бастап, Шыңжаң өңірінен, Орта Азия аймағынан, және басқа да алыс шетелдерден табылған, уақыт тұрғысынан орта ғасырларға тән түркі жазба жәдігерлерін, әсіресе Түрфан өңірінен, Дунхуандағы Мыңүйден табылған көне түркі жазба жәдігерлерін зерттеуде елеулі жетістіктерге жеткені белгілі.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Ал Күлтегин, Білге Қаған, Төнікөк ескерткіштерінің мәтіндерінен өзге, орта ғасырлардағы көне ұйғыр, шағатай тілдеріндегі жазба ескерткіштердің мәтіндері біздің еліміздегі тюркология саласына бейтаныс. Аталған олқылықтың орнын толтыру мақсатымен қытай тюркологиясындағы Аспан асты елінің аталған саладағы басты жетістіктері мен жетекші ғалымдарының негізгі еңбектерін сараптап, саралап көрмекпіз. Осы мақсатпен Аспан асты еліндегі көне түркі жазба жәдігерлеріне қатысты зерттеу жұмыстарының жалпы барысын, басты жетістіктерін негізгі тақырып өзегі ретінде алынды.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Тарихи талдаулар мен салыстыру әдіснамасы қоғам дамуы мен ғылыми үрдісті талдаудан ту-

ындайды. Теориялық талдау және салыстыру, сонымен қатар, тарих, жазба жәдігерлер, география, теология және археология салаларының зерттеу нәтижелерін, қисынды жинақтау әдістерін қолданады. Тарихи талдау, сараптау әдіснамасы ғылыми жұмыстың ойдағыдай орындалуына арқау болады. Сонымен бірге тарихи талдау, сараптау, салыстыру әдіснамасының басты міндеттерінің бірі зерттеу жұмысын әдіснамалық негіздеу болып табылады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Аспан асты елінде көне түркі жазба жәдігерлеріне қатысты зерттеу жұмыстары XX ғасырдың 20-30 жылдарынан басталғаны белгілі (Geng Shimin, 2006). Алайда ол кезеңдегі зерттеу жұмыстары жинау, жалпы сипаттама, таныстыру, шолу сипатында болғаны белгілі. Бұл әрине, жаңа басталып, тыңнан қолға алынып жатқан сала үшін керекті қадам болатын. Солардың бірі, профессор Ли Футунның (1911-1995) «Ұйғыр жазуының шығу тегі мен дамуы» атты еңбегі «Шекара саясаты мінбері» деген журналдың 1944 жылғы №5 санында жарық көрген болатын. Дей тұрғанмен, ең алғашқы болып көне ұйғыр жазба жәдігерлерін ғылыми тұрғыда сараптап, зерделеген тағы да профессор Фэн Цзяшэн болды. Фэн мырзаның ғылыми зерттеулерінің жарық көре бастауы Қытайдағы көне ұйғыр жазба жәдігерліктерін зерттеуге жол салумен бірге, аталған саланың дамуына берік негіз қалап берді. XX ғасырдың 50-60-жылдарында профессор Фэн аталған сала бойынша «Көне ұйғыр жазуы және және осы жазумен жазылған 'Шуаньцанның өмірбаяны'» (Шаңхай. «Жамағат газеті» 1952ж. 4 март), «Көне ұйғыр тілінде жазылған будда-садва (*bodhisattva*) Шуаньцанның ғұмырнамасы туралы зерттеу» (Пекин, «Археология альманахы» 1953ж. №1 сан.), «Юань дәіріндегі ұйғыр тіліндегі

келісімнің 2 түрі» (Пекин. «Тарихи зерттеулер» 1954ж. №1), «Будда-садва (*bodhisattva*) Шуаньцаннның ғұмырнамасы» қатарлы құнды еңбектер жариялады (Geng Shimin, 2006). Жоғарыда біз сөз еткен профессор Гэн Шимин құрастырып, жарыққа шығарған «Көне түркі жазба ескерткіштері» атты оқулықтың екінші бөлімі (I, II томы) ескі ұйғыр жазуы туралы болатын. 1983 жылы профессор Гэн Шимин Шынжаң «Халық баспасынан» өзінің «Ежелгі ұйғыр мәдениеті мен жазба деректеріне кіріспе» атты еңбегін жарыққа шығарды. Аталған еңбектің III тарауы тұтастай ежелгі ұйғыр жазба-жәдігерлерінің табылып-ашылуы мен зерттелуіне, аталмыш жазудың жалпы сыйпаты мен құрап жазу ережелеріне арналған. 1976 жылы Пекиндегі Орталық ұлттар институты «көне түркі тілі» мамандығын ашқаннан кейін, Синьцзянь университеті қатарлы бір қатар оқу орындары осы тақлетті дәрістерді көбейтіп, оқыта бастады. Көне түркі тілі бөлімінен түлеп шыққан 18 тұлғаның қазір 5-еуі ғылым докторы, PhD докторы ғылыми дәрежесін алған, 4-еуі профессор, доцентке ғылыми атағын иеленді. 7-еуі ғылыми-зерттеу саласында жемісті еңбек етуде. 1985 жылы профессор Гэн Шиминнің көне түркі тілі мамандығы бойынша қытайда алғашқы болып дайындаған магистрлары 1988 жылы бітіріп шықты, одан кейін ғалым тағы 3 PhD докторын тәбиелеп, түркология ғылымының дамуына елеулі үлес қосты. Бұл ҚХР құрылғаннан кейін тұңғыш рет дайындалған көне түркі жазба-жәдігерлерін зерттейтін жас мамандар болатын. Осы салаға қажетті мамандарды даярлау мақсатында 1976 жылы Орталық ұлттар институты (қазіргі Орталық ұлттар университеті) аз ұлттар тіл-әдебиет факультеті көне түркі тілдері мамандығын ашты. Мамандықтың негіздік білімдерін оқытуды профессор Гэн Шимин мырза өз мойнына алумен бірге, Қытайда тұңғыш рет ауқымды (барлығы 8 том) да жүйелі көне түркі тілдері оқулығын құрастырып, жазып шығарды. Олардың бәрі «Көне түркі тіліндегі таңдамалы жазба-жәдігерлер» (бір том), «Көне ұйғыр тіліндегі таңдамалы жазба-жәдігерлер» (екі том), «Қарахан хандығы кезіндегі таңдамалы жазба-жәдігерлер» (үш том), «Сөздік» (бір том), «Көне түркі тілінің грамматикасы» (бір том) секілді мамандыққа өте қажетті іргелі пәндер. Бұл мамандықтың ашылуы мен жоғарыдағыдай маңызды оқулықтардың жарыққа шығуы Қытайдағы көне түркі тілдерін зерттеу саласына тың серпін берді. Атап айтқанда, аталған

салаға жаңа буын мамандарды дайындаумен бірге, ғылыми-зерттеу жұмыстарының жаңа бір биік белеске көтерілуіне мұрындық болды (Lin Lei, 2010). Көне түркі ескерткіштеріне қатысты жүйелі ғылыми-зерттеулерді, XX ғасырдың 60-жылдарының басында қытайдағы аға буын түркологтар қолға алған болса, оның басында әйгілі тарихшы Фэн Цзяшэн мырза тұрды. Оның «1960 жылдары Түрфанда жаңадан табылған түркі жазбалары» атты зерттеуі, 1963 жыл қазан айында «Тарих және филология» журналының №3 санында, «Бір түркі ақшасы» атты зерттеуі 1987 жылы «Чжунхуа баспасынан» шыққан «Фэн Цзяшэн шығармалар жинағында» жарық көрді (Feng Jiasheng, 1987). XX ғасырдың 80-ші жылдары Қытайдағы түркология ғылымының сапына көптеген жас ғалымдар қосылып, олар да өздерінің ғылыми-зерттеу еңбектерін толассыз жариялап отырды. Бұлардың ішінде ғылымның аталған саласына өзіндік жаңалықпен келгендер де аз емес еді. Мәселен, ұйғыр ұлтынан шыққа Құрбан Уәлидің «Жыл санауымыздың V ғасырына жататын Түрфан өңірінен табылған көне түркі ағаш ескерткіші» атты еңбегі «Мәдени мұра» журналының 1981 жылы қаңтар айындағы санында жарық көрді. Профессорлар Абдухеим Қожа мен Түрсүн Аюптың «Түңоқұқ ескерткішінің аудармасы мен түсініктері» атты зерттеуі «Шынжаң университеті» ғылыми журналының 1981 жылғы №3 санында жарық көрді. Профессор Ли Цзинвэйдің «Көне түркі руникалық жазуының оқылуындағы кейбір мәселелер» атты зерттеуі «Шынжаң университеті» ғылыми журналының 1982 жылғы №2 санында жарық көрді. Сондай-ақ осы мезгілде профессорлар Нью Жучэн мен Нью Жуцзидің «Көне түркі жазуымен жазылған Оңғұн ескерткішінің аудармасы мен түсініктемесі» атты зерттеуі Қашқар педагогикалық институты ғылыми журналының («Хабаршы») 1987 жылғы №2 санында жарияланды.

Негізі, бұл салада да профессор Гэн Шиминнің төккен тері мен атқарған шаруасы ұшан теңіз. Атап айтқанда ол көне түркі ескерткіштерін зерттеуден тыс, көне ұйғыр жазуымен жазылып, біздің заманымызға жеткен діни мазмұндағы жәдігерлерді зерттеу саласында да елеулі еңбек сіңірді. Атап айтқанда, оның көне ұйғыр тілінде жазылған болып есептелетін «Алтун Йоруқ», «Матрисимит», «Ауатамсака сутра», «Шабураган», «Хуастуанифт» қатарлы будданың діни әдебиеттерінен жасаған аудармалары мен оған жазған ғылыми түсініктері көне

ұйғыр жазуын зерттеушілерге кең өріс ашып берді. Профессор Гэн одан кейінгі кезеңдердегі әдеби жәдігерлерден «Құт адғу білігі», «Атабатул Хақаик», «Оғуз-наме» секілді іргелі мұраларды аудару, зерттеу жұмыстарына да, шетелдік түрколог ғалымдардың еңбектерін аудару мен түркі тілдеріне қатысты сөздіктер құрастыру, оқулықтар жазу жұмыстарына да жан аямай кірісті (Matreim S., 2014).

Қарахан хандығы кезіндегі жәдігерлерді зерттеу жұмысы негізінен М.Қашғаридың «Түркі тілдер сөздігі» мен Ж.Баласағунидің «Құт адғу білігі» атты еңбектері төңірегінде өрістеді. Бұл саладағы зерттеу алғашында екі алып жәдігерліктің авторлары, олардың өмірі мен шығармашылығы, еңбектің жазылған жылдары, ол кездегі тарихи жағдай, авторлардың еңбекті жазуда алға қойған мақсаттары т.с.с. мәселелерді өзек етті. Кейіндеп зерттеушілер «Түркі тілдер сөздігінің» құрылымы, сол замандағы түркі тілдес халықтардың әлеуметтік, тарихи, географиялық, экономикалық, мәдени жағдайларын зерттеуге көбірек ден қоя бастады. Сондай-ақ «сөздіктегі» тілді қазіргі түркі тілдерімен салыстыра зерттеу, ондағы лексика, грамматика, сөз мағынасы мен сөздің этимологиясы мәселелерін зерттеу, «сөздіктегі» өлеңдер, мақал-мәтелдерді зерттеу де қарқын ала түсті. 1981-1984 жылдары «Түркі тілдер сөздігін» қазіргі ұйғыр тіліне аударып шығарғаннан кейін, «сөздікті» зерттеу ісі тіптен қарқын ала түсті. Мәселен, ХХ ғасырдың 80-жылдарында «сөздікке» қатысты әр ұлт тілінде неше жүздеген ғылыми еңбек (оның ішінде оннан астамы монография) жарық көрген (Xiao Zhongyi, 2006). Бұлардың ішіндегі неғұрлым жүйелі де өрелі зерттеу жұмысы ретінде 2001 жылы Орталық ұлттар университеті баспасынан жарық көрген профессор Чжао Миңмиңнің «Түркі тілдер сөздігі» туралы лингвистикалық пайым» атты монографиясын атап айтуымызға болады. Еңбек жалпы 4 бөлімнен тұрады, онда «сөздіктің» авторы, фонетикасы, морфологиясы, синтаксисі, лексикасы жеке-жеке, жан-жақты қарастырылған. Сонымен бірге еңбектің соңына «сөздіктегі» грамматикалық формалардың антологиясы мен сөздігі берілген.

Қытайда Шағатай жазба жәдігерлерінің зерттелуі негізінен ҚХР құрылғаннан кейінгі уақыттың еншісіне жатады. Бұл сала зерттеушілерінің дені Қытайда өмір сүріп жатқан түркі тілдес халықтардың өкілдері. Олардың ішінде біз әсіресе ұйғыр халқынан шыққан әйгілі

түрколог-ғалым, профессор Хамит Төмүр мен профессор Түрди Әхметті, қызғыз ұлтынан шыққан түрколог-ғалым, профессор Ануар Байтурды ерекше атап айтуға тиіспіз. Олар бұл салада толайым ғылыми еңбектер жариялаумен бірге, Шағатай заманынан бізге жеткен көптеген жәдігерлерді қазіргі ұйғыр немесе қырғыз тілдеріне аударды. Сондай-ақ Шағатай тілін оқып, үйренушілерге арналған оқулықтар шығарды.

Бұл ретте профессор Хамит Төмүр мен профессор Пулат Абдуоровтың «Шағатай тіліне кіріспе» атты еңбегін (ҚХР Қашқар: Ұйғыр баспасы, 1987-430б.) бөле-жара атауға болады. Еңбекте Шағатай тілінің ерекшелігі мен жалпы сыйпаты, осы тілмен бізге жеткен жәдігерлердің мазмұны мен тілдік ерекшеліктері жан-жақты қарастырылған. Аталған еңбектің жарық көруі – ҚХР түркология ғылымы үшін үлкен жетістік болып есептелді.

Сөздің осы тұсында, Аспанасты еліндегі түрколог-ғалымдардың Мақмұд Қашқариды қытайдағы түркология ғылымының атасы, көш-басшысы ретінде қарастыратындығын атап айтқымыз келеді. Оған себеп әйгілі ғалымның Қашқар қаласында өмірге келуі және қытай түркологтарының М. Қашқаридың ұлтын «ұйғыр» деп сыйпаттауында болып отыр (Xiao Zhongyi, 2006). Сондықтан біріншіден, М. Қашқаридың тек қытайдағы ғана емес, әлемдік түркология ғылымының атасы екендігін, екіншіден, бұл арада, біз негізінен қытайдағы соғы ғасырдың жүзіндегі түркологтардың зерттеу жұмыстарын қарастырып отырғандықтан, «Қытай түркологиясындағы М.Қашқаридың орны» деген мәселеге назар аударуды мақсұт еткен жоқпыз.

«Қытайдағы түркология ғылымының қалыптасуы мен дамуы» деген мәселені сөз еткенде, осы ұғымның өзі қалай қалыптасты? деген заңды сұрақ туады. Егер аталған сұраққа ақиқатқа тура қарап тұрып жауап іздейміз десек, онда біздің көз алдымызға міндетті түрде түндерін ұйқысыз мен күндерін күлкісіз өткізіп, көз майы мен жүрек қанын аталған ғылымға сарп еткен көптеген ғалымдардың жарқын бейнелері елестейді. Демек, ғылымды жасайтын ғалым. Олай болса, қытайдағы түркология ғылымын сөз еткенде, сол елдегі аталған ғылымның қалыптасуы мен дамуына ерекше үлес қосқан ғалымдардың өмір жолы мен шығармашылығына да аз-кем тоқтала кету – түркология ғылымының әлемдік тарихы үшін ауадай қажет деп білеміз.

Қытай елінде жоғарыда сөз еткеніміздей, түркология ғылымымен айналысушы аға буын зерттеуші-ғалымдар, орта және жас буын мамандар аз емес. Олардың бәрінің өмір жолы мен шығармашылығын адақтап шығу тіптен мүмкін емес. Сондықтан біз төменде Қытайдағы түркология ғылымының қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан, халықаралық деңгейде аса танымал бірнеше тұлғаның өмір жолы мен шығармашылығына қысқаша тоқталамыз.

Қытайдағы түркология ғылымының қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан ғалымның бірі – әйгілі түрколог, Орталық ұлттық университетінің профессоры Гэн Шимин (Geng Shimin). Ол Аспан еліндегі ең алғашқы түркі халықтары тілдерін зерттеуші ғалым, ондағы Қытайдағы қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының негізін салушы, ежелгі түркі тілі мен көне ұйғыр тілдері кешенді оқулықтардың құрастырушысы.

Халықаралық Орал-Алтай ғылыми қоғамының төрайымы, әйгілі түрколог, профессор А.В. Габаин (Annamari von Gabain) өз кезінде профессор Гэн Шиминнің еңбегіне: «Бұған дейін біз жапондық әріптестеріміздің көне ұйғыр мәдениетін зерттеуде қол жеткізген жетістіктеріне қол соғып келіп едік. Олардың ішіндегі ең әйгілісі профессор Ханеда болды. Ал қазір біздің қытайлық әріптесіміз де Кіндік Азия және ұйғыр мәдениетін зерттеу саласында аса зор табысқа қол жеткізіп отыр. Олардың бірегей өкілі профессор Гэн Шимин мырза. Профессор Гэн Шиминды шын мәніндегі “филолог” деп атауға болатын кісі. Ол қысқа ғана уақыт арлығында Кіндік Азия түркі (ұйғыр) тіліндегі деректер, буддизм, манихей діні және қазіргі заман қазақ тілі туралы қыруар ғылыми еңбектер жариялап, біздің Кіндік Азия және көне түркі тіл-жазуы жөніндегі білімімізді қорымызды байыта түсті”, – деп ерекше жоғары баға берген болатын (Zhang Dingjing, Abdureshit Y., 2009).

Болашақ ғалым 1929 жылы 28 қараша күні Қытайдың Цзянсу өлкесі Сюйчжоу қаласында туған. Ол орта білімді Сюйчжоудағы бір діни мектепте алған. Ондағы ағылшын тілі мұғалімінің (олар көбінесе канадалық христиандіні мүриттері болатын) талабы аса қатал болатыны соншалық, тіпті әлем тарихын да ағылшын тілінде сөйлететін. Гэннің кейін келе алуан түрлі тілдерді салыстыра саралап, жылдам меңгерумен бірге, олардың қыр-сырына үңілуге дағдылануы сол кездегі қатаң талап пен машақатты ізденістің шарапатынан, ағылшын тілін зерделей үйрену

арқылы үлкен ми күмбезінің шетел тілін үйрену иқуатының ашыла түскендігінен болса керек.

1949 жылы Гэн Шимин Пекин университеті Шығыс тілдері факультетінің ұйғыр тілі мамандығына оқуға түседі. 1952 жылы ол университет тарапынан СУАР-дың Тарбағатай аймағындағы қазақ халқы шоғырлы қоныстанған Дөрбілжін ауданына барып қазақ тілін үйренуге жіберіледі. Келесі жылы жазда ол Орталық ұлттар институтына қайтып барған соң (1952 жылы Қытайдың жоғары оқу орындарына реттеу жүргізіліп, Пекин университетінің ұйғыр тілі мамандығы Орталық ұлттар институтына қосылып кеткен болатын), ол басқа да қазақ тілі ұстаздарымен бірге қазақ тіл-әдебиетін оқыту тобын ашады. Осыдан бастап, оның тағдыры түркологиямен қоса, қазақ тілімен мәңгілікке байланып қалды.

Гэн Шиминнің ХХ ғасырдың 70-ші жылдардың соңына дейінгі зерттеу саласы қазіргі қазақ тілі және көне түркі ескерткіштері мен көне ұйғыр жәдігерлері болатын. Ал 70-ші жылдардың соңғы жартысынан бастап, көне түркі ескерткіштері, көне ұйғыр жәдігерлерін зерттеуді өзек ете отырып, осызаманғы сары ұйғыр, тыва тілдерін зерттеп және қатысты материалдарды баспасөзде жариялап отыру, сондай-ақ Орта Азияда өмір сүрген халықтардың ежелгі тіл-жазуларын (ежелгі анге-күсән тілі, тоқар тілі, Хотандағы сақ тілі), тарихын, мәдениетін, діндерін зерттеумен ішкерілей айналысты. Сонымен бір уақытта профессор Гэн осы мерзімде ҚХР астанасы Пекин қаласында орналасқан Орталық ұлттар институтан «Түркология» және «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтарын ашып, шәкірттер тәрбиелей бастады (Abish A., 2014).

Гэн Шиминнің түркология ғылымына деген қызығушылығы өткен ғасырдың 50-ші жылдарының орта шенінен бастау алады. Оған бір кездейсоқ жағдай себеп болды. Болашақ ғалымның қолына бір күні Германияның әйгілі түрколог-ғалымы А.В.Габаиннің «Көне түркі тілінің грамматикасы» деген кітабы түседі. Әлгі кітапты ерекше қызығушылықпен оқып шыққан ол, “бұл кітап маған мүлде бір жаңа әлемнің есігін ашып берді” – деп есептейді де, содан бастап, бар ынта-пейілімен түркология ғылымының тереңіне сүңгіп кетеді. Алайда, бұл кезде түркі филологиясын, әсіресе көне түркі филологиясын зерттеу халықаралық сипат алып үлгерген кез еді. Демек, бұл сала бойынша белгілі жетістікке жету үшін мүмкіндігінше

бірнеше шет тілін білу қажет болатын. Осындай зәрулікті терең сезінген Гэн мырза, ағылшын, орыс, неміс, француз, жапон тілдерін игеруден сырт, түркі тілдерінен қазақ, ұйғыр, өзбек, қырғыз, түрік, татар, әзербайжан тілдері сияқты ондаған тіл үйренді.

Қытай мен Америка және Еуропа елдеріндегі түркология ғылымының зерттелу деңгейіндегі ала-құлалықты, алшақтықты барынша азайту үшін, Гэн мырза жатпай-тұрмай еңбектене берді. Мәселен, XX ғасырдың 50 жылдарында, ол өз мамандығы үшін түрік тілінің аса зәрулігін аңғарады. Бірақ ол кезде Пекиннен түрік тілінің ешқандай басылымын табу мүмкін емес еді. Сонымен Гэн мырза қанша ұзақ болса да, басқа жолмен қол жеткізуге мәжбүр болды. Яғни, ол әуелі түрік тіліне ең жуық келетін әзербайжан тіліндегі «Әдебиет газетіне», «Ұстаздар газетіне» жазылды, одан кейін, 60 жылдардың бас шенінде Болгариядағы ҚХР елшілігінің көмегімен сол елдің түрік тілінде шығып тұрған «Сәуле» газеті мен «Жаңа өмірге» журналын жаздырып алып, түрік тілін сол арқылы оқып үйренді.

Гэн Шимин мырза сондай-ақ тілдерді қолданушылардың қайнаған ортасына барып тексеру, зерттеу жұмысына да айырықша назар аударды. Ол 1952 жылы Іле, Тарбағатай аймақтарына барып, ұйғыр, қазақ тілдерін тексеріп-зерттеді. 1955-1956 жылдары Синцзяндағы түркі тілдерін тексеруге арналған экспедиция жұмысында жүргенде, ол Қытайда алғаш рет Алтай аймағындағы моңғолдар ішінде «ақ моншақ», «көк моншақ» деген атпен жүрген халықтардың қолданыстағы тілі тыва тілі екендігін ғылыми түрде анықтап, сонымен бірге көптеген тілдік материалдарды өте шөгелдікпен естелікке алды. Бұдан кейін де, ол талай рет Синцзян, Ганьсу, Цинхай сияқты өлке-өңірлерге барып, тарихи деректемелерді зерттеп, сары ұйғыр, салар тілдері сияқты қолданатын адам саны өте аз тілдерді тексерді. Аталған экспедициялардың ғылыми есептері мен ол туралы нақты зерттеулер ылғи да әлемдік түрколог-ғалымдардың назарын аударып отырды (Massimkhanuly D., Abidenkyzy A., 2020).

Қытай еліндегі классикалық үлгідегі түркология ғылымының алғашқы қалыптасуынан бастап, оның ең бір кемелденген кезіне дейін, тіпті өмірінің соңғы сәтіне дейін бір күн тыныстамай, аянбай еңбек еткен ғалымның артында ұшан-теңіз мол мұра қалды. Қазірге дейінгі қолда бар мәліметтерге қарағанда профессор

Гэн Шиминнің 31 монографиясы (оның ішінде жетеуі ағылшын, жапон, неміс және түрік тілінен аударылған еңбектер), 5 оқулығы, 200-ден астам ғылыми-зерттеулері жарық көрген (Research on Turkic Philology., 2009). Бұл еңбектерінің бір парасы Англия, Франция, АҚШ, Германия, Түркия, Жапония, Венгрия секілді елдердің тілдеріне аударылып, сол елдерде жарық көрді. Осы арада ғалымның басты монографиялық еңбектерін атап өтудің қисыны келіп тұр. «Көне ұйғырдың эпостық жыры – Оғызнама туралы зерттеу» (ҚХР Үрімші: Шынжаң халық баспасы. 1980ж. қытай тіліндегі нұсқасы, кейін аталған еңбектің ұйғыр және қазақ тілдеріндегі нұсқасы 1980 және 1986 жылдары Пекиндегі «ұлттар» баспасынан жарық көрді), «Тіл біліміне кіріспе» (ҚХР Ухань: Хуагун университеті баспасы. 1981), «Көне ұйғыр поэзиясы» (ҚХР Үрімші: Шынжаң халық баспасы. 1982), «Ұйғырлардың ежелгі мәдениеті мен жәдігерліктері туралы зерттеу» (ҚХР Үрімші: Шынжаң халық баспасы. 1983), «Таң дәуіріндегі Батыс өңірге қатысты деректерге түсініктеме» (ҚХР Пекин: Чжунхуа баспасы. 1985), «Қазақ тіліне кіріспе» (ҚХР Пекин: ұлттар баспасы. 1985), «Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы» (ҚХР Пекин: ұлттар университеті баспасы. 1989), «Дунхуандағы көне түркі және көне ұйғыр жазба-жәдігерлері туралы» (Тайвань Тайбэй: Синвэнфын баспасы, 1994), «Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілі» (ҚХР Үрімші: Шынжан университеті баспасы, 1999), «Ұйғырдың ежелгі жазба-жәдігерлері» (ҚХР Пекин: ұлттар университеті баспасы. 2003), «Көне түркі ескерткіштері туралы зерттеу» (ҚХР Пекин: ұлттар университеті баспасы. 2005), «Шынжаңның ежелгі тарихи мен мәдениеті» (ҚХР Пекин: ұлттар университеті баспасы. 2006), «Көне ұйғыр тіліндегі Құмыл жасбасы (матрисимит)» (ҚХР Пекин: ұлттар университеті баспасы. 2008), «Көне түркі тілінің грамматикасы» (ҚХР Пекин: ұлттар университеті баспасы. 2009) секілді еңбектері қытайдағы түркология ғылымының шоқтықты жетістіктері болып есептеледі. Әр тілден жасаған аудармаларынан Ж.Баласағұнның «Құтадғү біліг» (қытайша тәржімасы), В.В. Бартольдтің «Орта Азияның қысқаша тарихы», Ханеда Торудың «Батыс өңірдің мәдениет тарихы» секілді он шақты еңбегі бар. Ғалым әр жылы арнайы шақырумен шетелдерге барып дәріс оқып, бірлескен ғылыми жобаларға қатысып отырды. Олардың ішінде Германияның Гиоттинген университеті, АҚШ-тың Индиана университеті, Францияның Париж

университеті, Британия-Лондон университетінің Азия-Африка институты, Жапонияның Киото университеті сияқтылар бар. Халықаралық аренадағы түркология, Орта Азиятану, Алтайтану сияқты ілім-пәндерге қатысты форумдарда профессор Гэннің ғылыми баяндамалары ылғи да қатысушылардың назарын аударып, ісшараны ұйымдастырушылардың марапатына ие болып келді.

1987 ж. Гэн Шимин мырзаның «Таң дәуіріндегі Батыс өңірге қатысты деректерге түсініктеме» атты еңбегі ҚХР Ақпарат-баспасөз министрлігінің көне мұрағаттарды жинау-зерттеу саласы бойынша бүкілқытайлық бірінші дәрежелі сыйлығына, 1992 жылы Германияның Хумболдт қорының «Әлемдік әйгілі оқымысты» сыйлығына ие болды. 2000 жылы, Дүниежүзілік Алтайтанудың жоғарғы ғылыми құрылымы – Халықаралық Алтайтану ілімінің тұрақты мәжілісі (PIAC) Белгияда өткен 43-ші кезекті жылдық қортыныды жиналысында арнайы қаулы қабылдап, профессор Гэнге PIAC-тың алтын медалін тапсырды. Сол жылдың қазан айында Түркия Республикасының Ататүрік ең жоғары мәдениет-тіл-тарих академиясының Тіл академиясы алқасы бірауыздан қытайлық ғалымды Тіл академиясының құрметті академигі етіп сайлады (Liu Weifan., 2018).

Қытай халқының ардақты перзенті, түркі халықтарының жақын досы, түркология ғылымының жарық жұлдызы, ғұлама-ғалым Гэн Шимин 2012 жылы желтоқсан айында 83 жасында Пекин қаласында қайтыс болды.

Қытайдағы түркология ғылымы саласында аса жемісті еңбек етіп жүрген ғалымның бірі – Ху Чжэньхуа.

Профессор Ху Чжэньхуа 1931 жылы Шаньдун өлкесінің Циньдао қаласында туған. Ұлты дүңген. Дүңгенше есімі Мұхаммед. 1948 жылы Нанькин мемлекеттік шығыс тілдері институтының араб тілі бөлімне қабылданады. 1951-1953 жылдары Бейжіңдегі Орталық ұлттар институтында (қазіргі ЦУН) ұйғыр тілі мамандығы бойынша оқыды. 1953 жылы университетті ерте бітіріп, университетте қалды, әлі күнге дейін жұмыс істейді. 1953 жылдан бастап түркітану, Орта Азия және ислам мәдениеті бойынша дәріс беріп, зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Атап айтқанда, оның негізгі жұмысы – Қытай ішіндегі және Қырғызстандағы қырғыз халқының тілі мен мәдениетін оқыту және зерттеу. 1953 жылы Орталық ұлттар институтынан ұйғыр тілі мамандығын бітіріп, сол жылы аталған оқу ор-

нына ұстаздық жұмысқа қалады. Содан соңғы демі үзілгенге (2012ж.) дейін ол табан аудармай түркология ғылымын оқыту мен зерттеу саласында еңбек етті.

Бүгінде ол әлемдік түркология ғылымында есімі белгілі қытайлық түрколог, Қытайдағы түркология қалыптасуы мен дамуына ерекше еңбек сіңірген ғалым. ҚХР Пекин қаласындағы Орталық ұлттар университетінің түркі тілдес ұлттардың тілі мен әдебиеті факультеттерінде (қазақ филологиясы факультеті, ұйғыр филологиясы факультеті) профессор. ҚХР үкіметінің арнайы стипендиянты. ҚХР мемлекеттік кеңесінің жанындағы Еуразия қоғамдық даму институтының арнайы ғылыми кеңесшісі, Қырғызстанның үшінші дәрежелі «Манас» орденінің иегері, Қырғызстанның Ұлттық Ғылым Академиясының құрметті академигі.

Профессор Ху Чжэньхуа қытай қырғызологиясының негізін салушы ретінде 50-жылдардан бастап Кеңес үкіметінің белгілі мамандары С.П. Сердюченко мен Э.Р. Тенишевтердің жетекшілігімен түрік және орыс тілдерін оқып, лингвистика, аударма теориясы, түркология, ежелгі түрік жазулары және түрік тілінің зерттелуіне өз үлесін қосқан, А. Тудаевтың жетекшілігімен Қалқа монғол тілін үйренген; орыс, түрік, қазақ, қырғыз, ұйғыр және басқа да бірнеше тілдерде сөйлей алады. 1953 жылдан бері түркологияны, Орталық Азия және ислам мәдениеттерін оқып, зерттеумен айналысады. Оның ғылыми жұмысының басты бағыттары – көне түркі тілі мен жазуы, көне түркі мәдениеті, Қытайдағы және Қырғызстандағы қырғыз халқының тілі мен мәдениеті, әйгілі «Манас» эпосын ерттеу, аудару болып табылады.

Далалық экспедиция лингвистика саласында ғылыми-зерттеу жұмысының маңызды әдісі болып табылады. 1953 жылы қарашада Ху Чжэньхуа университетті тәмамдағаннан кейін Синьцзянға жіберіледі. Ол 1953 жылдың қарашасынан 1954 жылдың қазанына дейін бір жыл көлемінде Қырғыз аудандарында этнографиялық экспедиция жүргізеді. Экспедиция барысында болашақ ғалым Синьцзянның қырғыз көшпенді-бақташылар өмір сүріп жатқан шекаралық аймақтарын жыл бойы атпен және түйемен аралап жүріп, қырғыз тілінің жанды материалдарын, қырғыз фольклорын жинайды. Теңіз деңгейінен өте биік үстірттерде – Тяньшаньда және Памирде болады, көшпенді-малшылардан қырғыз тілін, олардың салт-дәстүрлері мен мәдениетін үйренеді және алғаш рет қырғыздың «Манас»

эпосымен және оны орындаушы «манасшымен» танысады (The History of global Turkology, 2016).

Әйгілі «манасшы», ғұлама ырчы Жүсіп Мамайдың (1918-2014) орындау қабылеті оған ұмытылмастай әсер қалдырады және сол кезге дейін хатқа түсіп үлгермеген қырғыздың бай фольклорымен бетпе-бет келеді.

Профессор Ху Чжэньхуа бірнеше мәрте дала экспедициясына қатысудың арқасында ХХ ғасырдың 90-жылдары оның бас редакторлығымен қырғыз тілінің оқулығы құрастырылады және Қытайда өмір сүріп жатқан қырғыздардың тұрмысы мен мәдениеті жайлы фильмдер түсіріледі.

Бұдан өзге ол Сы Мацяньның «Тарихнама» (Шицзи) деректеріне сүйене отырып, қытай және қырғыз халықтарының тарихи қарым-қатынасын зерделеуге, Қырғыз елінің 2200 жылдық тарихы бер екендігін дәлелдеуге септігін тигізді. Профессор Ху Чжэньхуа қырғыздардың шығу тегін белгілеген және олардың тарихи атауы «Ге Кунь» деп, оның қытай жылнамаларында аталғанын алға тартады. Осылайша профессор Ху Чжэньхуа тарихи құжаттарға сүйене отырып, қырғыздар туралы қағаз бетіне түскен алғашқы мәліметтер б.з.д. 201-жылға жататынын дәлелдеді (Miao Dongxia, 2011).

Қытайда жариялылық реформасы саясаты жүзеге аса бастаған 1980-2009 жылдар аралығында профессор Ху Чжэньхуа Хэйлунцзян провинциясы Фууюй уездіне бірнеше мәрте дала экспедициясын жасау нәтижесінде ғылыми жұмысына қажетті біршама ақпарат жинақтады. Профессор Ху Чжэньхуаның бұл уездің қырғыздары туралы жазған мақаласы әлемдік түркологтар арасында қызу пікір тудырды.

Профессор Ху Чжэньхуа 2002 жылдың жазында 3 адамнан құралған делегациямен бірге Ресейдің Хакас автономиялық облысына барып, мәліметтер жинап, Хакас мемлекеттік университетінің мамандарымен тәжірибе алмасты. Мұның барлығы Қытайдың Хэйлунцзян провинциясының Фууюй уездінде тұратын халықтардың қырғыз тілі мен хакас тіліне салыстырмалы зерттеу жұмыстары үшін маңызды болатын. Полиглот ретінде профессор Ху Чжэньхуа көне қытай, орыс, қырғыз, түрік, ұйғыр және тағы да басқа тілдерді жақсы меңгерген. Ғалым қытайда өмір сүріп жатқан қырғыздарға жаңа әліпби жасау кезінде, қытайдағы қырғыздар мен Қырғызстандағы қырғыздардың тілін салыстыра қарастырып, көптеген ғылыми жаңалықтар ашты.

Профессор Ху Чжэньхуаны шет елдердің жетекші ғылыми-зерттеу орындары мен жоғары оқу орнындары үнемі ғылыми пікір алмасуға, дәріс оқуға, конференцияларға шақырып тұрады. Ол қазірге дейін 19 рет Орта Азия елдеріне, 15 рет Жапонияға, 7 рет Түркияға, одан тыс Ресей, Болгария, Индонезия, Малайзия, Сингапур, Тайланд, Франция елдеріне барып дәріс оқып, ғылыми мәжілістерде болып қайтты.

2011 жылдың маусым айында Орталық Ұлттар Университетінің құрылуына 60 жыл толуы және профессор Ху Чжэньхуа мырзаның 80 жылдығына орай Пекин қаласында «Орта Азия халықтарының ұлттық тілдері мен мәдениеттерін зерттеу» атты форум өткізілді. Форумның ашылу салтанатында Қырғызстанның ҚХР-дағы төтенше және өкілетті елшісі Ж.Кулубаев сол кездегі Қырғызстан президенті Роза Отунбаеваның атынан профессор Ху Чжэньхуа мырзаға арналған құттықтау хатын табыс етті. ШЫҰ Бас хатшысы Мұратбек Иманалиев Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының атынан профессор Ху Чжэньхуаны 80 жас мерей тойымен құттықтады.

Профессор Ху түркология ғылымы саласында ғылыми кадрлар дайындау ісіне де аянбай ат салысып келеді. Атап айтқанда 1993- 2013 жылдары аралығында, яғни 20 жыл ішінде профессор Ху Чжэньхуа 11 доктор мен толып жатқан магистрлер дайындады.

Белгілі түркітанушы, Орталық Азия елдері мәдениеті бойынша білгір маман ретінде профессор Ху Чжэньхуа бүгінге дейін қыруар ғылыми жұмыстар, аударма еңбектер жасады. «Қырғыз мақал-мәтелдері» (ҚХР Үрімші: Шынжаң халық баспасы, 1962), «Қырғыз тіліне кіріспе», (ҚХР Пекин: ұлттар баспасы. 1988), «Қырғыз тілін оқыту курсы» (АҚШ түркологі Ж.Эмертпен телавтор, аталған еңбек Индиана штаты университетінің баспасынан “A Kirghiz Reader” декген атпен жарық көрді. 1989), «Түркі тілдері туралы зерттеулер жинағы» (ҚХР Пекин: ұлттар баспасы. 1991), «Ұйғыр тілінің Қашқар диалектісі» (ҚХР Пекин: ұлттар университеті баспасы. 1998), «Далалықтар фонетикасы» (ҚХР Пекин: ұлттар университеті баспасы. 1998), «Орталық Азияның бес мемлекеті туралы очерк» (ҚХР Пекин: Орталық ұлттар университеті баспасы. 2006), «Қырғыз тілі мен мәдениеті туралы зерттеулер» (ҚХР Пекин: ұлттар университеті баспасы. 2006), «Түркі тілдес халықтар мәдениеті туралы зерттеулер» (ҚХР Пекин: ұлттар университеті баспасы. 2006),

«Қытайша-қырғызша сөздік» (Қытайда және Қырғызстанда жарық көрген), «Манас» эпосы 1-ші бөліміндегі фрагменттердің қытай тіліндегі аудармасы» (Жапонияда жарияланған), «Мин династиясы кезіндегі көне ұйғыр жазба жәдігерлері» т.б. Бұдан тыс оның 300-ден астам ғылыми еңбектері Қытайда және өзге елдердің түркология және Алтайстика саласындағы жетекші басылымдарында жарық көрген.

Жалпы Аспан асты елінде түркология ғылымына тұтас ғұмырын арнап келе жатқан ұстаздар мен ғалым-зерттеушілер аз емес. Солардың ішінде профессор Ли Цэнсянның алар орны ерекше. Ли Цэнсян (Li Zengxiang, 1933ж.т.) ҚХР Тяньцзин қаласында өмірге келген. 1953 жылы туған қаласынан орта мектепті бітіріп, сол жылы Орталық ұлттар институты филология факультетінің қазақ тілі мамандығына оқуға қабылданады. 1957 жылы оқуын аяқтап, аталған оқу орнына ұстаздық жұмысқа қалады. 1956, 1959 жылдары бүкілқытайлық аз ұлт тілдерін тексеріп-зерттеу ғылыми экспедициясына қатысып, қазақ тілі мен жазуын тексеру тобының мүшесі ретінде Шыңжаңдағы қазақ ұлты шоғырлы қоныстанған аймақтарды аралап, тілдік материалдар жинады. Содан бүгінге дейін профессор Ли табан аудармай Орталық ұлттар университетінде (қазақ филологиясы факультеті, ұйғыр филологиясы факультеті) дәріс оқып, ғылыми-зерттеумен айналысып келеді. Ғалымның қаламынан бүгінге дейін «Қазақ тіліне кіріспе» (ҚХР Пекин: ұлттар баспасы. 1985), «Қазақ тілі» (ҚХР Чэнду: Сичуан халық баспасы. 1988), «Қазақша-қытайша сөздік» (кұрастырушы авторлардың бірі. ҚХР Пекин: ұлттар баспасы. 1989), «Түркі тілдеріне кіріспе» (ҚХР Пекин: ұлттар институты баспасы. 1992), «Көне түркі тіл білімінің негіздері» (ҚХР Пекин: ұлттар университеті баспасы. 2011) т.б. да іргелі зерттеулерінен тыс, 100-деген ғылыми еңбектері елдің іші-сыртында жарияланды. 1997-2000 жылдары Қытай өкіметі қаржыландырған қоғамдық ғылымдар саласындағы «Түркі халықтарының тілдерін салыстырмалы зерттеу атты» іргелі жобаға жетекшілік етті. Сондай-ақ ол дәріс оқып, шәкірт тәрбиелеп, ғылыми-зерттеумен айналысумен бір уақытта, көптеген қоғамдық міндеттер мен жауапты қызметтерді қоса атқарды. Атап айтқанда ол өзі жұмыс істейтін Орталық ұлттар университеті жанындағы қазақ тілі кафедрасын ұзақ жыл (кейін осы кафедраның негізінде қазақ тілі мен әдебиеті факультеті құрылды) басқарды.

Ол кафедра басқарған жылдарда Қытайдағы қазақ және қытай (ханьзу) жастары жыл сайын тұрақты түрде 20-30 адамнан қазақ тілі және көне түркі тілі мамандығына қабылданып тұрды. Сонымен бірге ол әр жылдары ҚХР түркі тілдер қоғамының басқарма мүшесі және «қоғам» «Хабаршысысының» редакторы, Пекин қалалық фольклоршылар қоғамының басқарма мүшесі, Орталық ұлттар университеті жанындағы Алтайтану орталығының ғылыми қызметкері т.с.с. міндеттерді абыроймен атқарды (Түркология. История Всемирной тюркологии, 2016).

2013 жылы қазан айында Пекиндегі Орталық ұлттар университеті Қазақ тіл-әдебиеті факультеті профессор Ли Цэнсянның 80 жасқа толуына орай халықаралық конференция ұйымдастырды.

Аспан асты еліндегі түркология ғылымының дамуына өзіндік үлес қосып жүрген ғалымдардың біразы қытайда өмір сүріп келе жатқан ұйғыр, қазақ, қырғыз секілді түркі тілдес халықтардың өкілдері. Солардың көрнекті өкілдерінің бірі ұйғыр ұлтынан шыққан белгілі түрколог-ғалым, профессор Хамит Төмүр (1932-2006). Ол бүкіл саналы өмірін ұйғыр тілінің мәселелері мен шағатай тілін зерттеу және оқыту ісіне арнады. Ғалым сонау ХХ ғасырдың 70 жылдарында-ақ көне түркі тілі мамандығында оқитын студенттерге шағатай тілінен сабақ өтіп, әрі оқулығын жазған болған болатын. 1988 жылы шағатай тілі мамандығы бойынша магистратура ашып, алғашқы мамандарын қабылдады. 1987 жылы «Шағатай тілі» атты еңбегі Қашқар қаласындағы «ұйғыр» баспасынан жарық көрді. Бұл еңбек қытай еліндегі шағатай тіліне қатысты тұңғыш оқулық болатын.

Профессор қазіргі түркі тілдес ұлттардың тілі мен ұйғыр тіл грамматикасын салыстыра зерттеу саласында да, қазіргі заманғы ұйғыр тілі мен шағатай дәуірі кезеңіндегі әдеби жәдігерлерді зерттеу мен аудару саласында да жемісті еңбек етті. Оның бұл саладағы елеулі еңбектерінен: «Қазіргі ұйғыр тілінің грамматикасы», «Шағатай тілі туралы зерттеу», «Бабарнама», «Парсы тілі негізгі» т.б. бар (Create a precedent for the systematic study of modern Uyghur grammar, 2011).

Қорытынды

Жалпы қытайдағы түркология ғылымының негізін салып, оның қалыптасуы мен дамуына саналы ғұмырларын арнаған аға буын түрколог-

ғалымдар бұлармен шектелмейді. Әрине, уақыт жар берген қолайлы сәтте қытайдың бұлардан өзге де түрколог-ғалымдарының өмір жолы мен еңбектеріне арнайы тоқталудың ғылым үшін өзіндік маңызы бар. Жоғарыда аттары аталған және аталмаған аға буын түрколог-ғалымдардың ізін бүгінде Қытайда орта және жас буын түркологтар сәтті жалғастырып келеді. Олардың да қытайдағы түркология ғылымының дамуына қосып жатқан үлестері аз емес. Олардың көрнекті өкілдері ретінде көне түркі ескерткіштері мен көне ұйғыр тілін ішкерілей зерттеп жүрген профессор Еркін Ауғалиды (ұлты қазақ. 1957ж.т.), қазіргі қазақ тілінің мәселелерін жан-жақты зерттеп, көне түркі тілі грамматикасынан дәріс оқып, шәкірт тәрбиелеп жүрген профессор Чжан Динцинді (ұлты қытай. 1956 ж.т.), көне түркі тілдерін зерттеумен айналысып жүрген профессор Мәтреим Сайтты (ұлты ұйғыр. 1950 ж.т.), көне түркі тілін зерттеумен айналысып жүрген профессор Ван юаньсинді (ұлты қытай. 1958ж.т.), көне түркі ескерткіштері мен көне ұйғыр жазба жәдігерлерін зерттеумен айналысып жүрген профессор Чжан Тешаньді (ұлты қытай. 1960 ж.т.), түркі халықтарының фольклорын зерттеумен айналысып жүрген профессор Адил Жұматұрдұны (ұлты қырғыз. 1964ж.т.), көне түркі ескерткіштері мен көне ұйғыр жазуын

және осы жазулармен бізге жеткен жәдігерлерді зерттеп жүрген профессор Айдар Миркамалды (ұлты қазақ. 1966 ж.т.) ерекше атап өтуге тиіспіз. Өйткені қазіргі қытайдағы түркология ғылымының негізгі жүгін арқалап, оны әлемдік деңгейге көтеріп жүргендер де, осы салаға арттарынан тағы да көптеп шәкірттер дайындап, аталған ғылымның жарқын болашағы үшін аянбай тер төгіп жүрген дер де осы буын. Бұл буын түркология ғылымына аға буынның салған жолымен, солардың жетектеп, баулып, мәпелеуімен келгенімен, олардың зерттеулерінде бағыт-бағдары тұрғысынан да, сапалық деңгейі жағынан да өзіндік ерекшеліктері бар (Research on Turkic Language and Culture, 1997). Өйткені аға буын ғалымдардың кейбіреуі ежелгі немесе қазіргі түркі тілдерін дұрыс меңгермеген, «құлақ молдасы» болса, енді кейбіреулері шетел тілдерінен бейхабар болатын. Тағы бір жағынан, олар өмір сүрген кезең ҚХР-дың жабық саясат ұстанып тұрған кезі болғандықтан, түркология ғылымы бойынша әлемде нендей жаңалықтар болып жатқанынан көбінде олар бейхабар қалып жатты. Ал қазіргі Қытайдың жоғарыда аттары аталған және аталмаған орта және жас буын ғалымдарының дайындығы мен потенциалы, шарт-жағдайы өте жақсы деуге толық негіз бар.

Әдебиеттер

- Мяо Д. (2011). Профессор Ху Чжэнхуа // Тил жана котормо. ҚХР, Үрімші: 2011. № 3. – 57-63 бб.
 Тюркология. История Всемирной тюркологии. (2016). – Алматы: Раритет, 2016. – 448с. (коллективная монография).
 Abish A. (2014). Modality in Kazakh as spoken in China. – Uppsala: Uppsala University, Department of Linguistics and Philology, 2014. – 259 pp.
 Massimkhanuly D., Abidenkyzy A. (2020). The State of Turkological Science in China: Turkic Language and Turkic Writing Research // Rupkatha Journal, Vol. 12, No. 4, 2020
 The History of global Turkology. (2016). – Алматы: Rarity, 2016. – 416 p. (Multi-authored monograph).
 冯家昇. (1987). 冯家昇论著辑粹. – 北京: 中华书局, 1987. – 515页.
 耿世民. (2006). 回鹘文社会经济文书研究. – 北京: 中央民族大学出版社, 2006. – 327页.
 开创系统研究现代维吾尔语语法之先河. (2011). URL: <http://edu.sina.com.cn/l/2011-06-03/1531203172.shtml> (07.06.2023)
 林磊. (2010). 耿世民的淡定与执着. URL: <https://www.chinafolklore.org/web/index.php?NewsID=7202> (07.06.2023)
 刘维凡. (2018). 耿世民. URL: <http://www.mzzyk.com/eportal/ui?pageId=663068&articleKey=729879&columnId=682254> (07.06.2023)
 买提热依木·沙依提. (2014). 突厥语言学导论. – 北京: 民族出版社, 2004. – 473页.
 突厥语文学研究: 耿世民教授八十华诞纪念文集. (2009). – 北京市: 中央民族大学出版社, 2009. – 492页.
 突厥语言与文化研究. (1997). – 北京民族出版社, 1997. – 413页. (集体论文集, 第二集).
 校仲彝. (2006). “突厥语大词典”研究论文集. – 中国乌鲁木齐: 新疆人民出版社, 2006. – 386页.
 张定京, 阿不都热西提编. (2009). 突厥语言学研究. 中国北京: 中央民族大学出版社, 2009. – 492页.

References

- Miao Dongxia. (2011). Professor Hu Zhenhua // Til zhana kotormo. China, Urumqi: 2011. № 3. – pp. 57-63.
 Turkology. History of World Turkology. (2016). – Алматы: Rarity, 2016. – 448 pages. (collective monograph).

- Abish A. (2014). Modality in Kazakh as spoken in China. – Uppsala: Uppsala University, Department of Linguistics and Philology, 2014. – 259 pages.
- Massimkhanuly D., Abidenkyzy A. (2020). The State of Turkological Science in China: Turkic Language and Turkic Writing Research // Rupkatha Journal, Vol. 12, No. 4, 2020
- The History of global Turkology. (2016). – Almaty: Rarity, 2016. – 416 p. (Multi-authored monograph).
- Feng Jiasheng. (1987). A collection of Feng Jiasheng's works. – Beijing: Zhonghua Bookstore, 1987. – 515 pages.
- Geng Shimin. (2006). Research on socio-economic documents in Uyghur. – Beijing: Minzu University of China Press, 2006. – 327 pages.
- Create a precedent for the systematic study of modern Uyghur grammar. (2011). URL: <http://edu.sina.com.cn/l/2011-06-03/1531203172.shtml> (07.06.2023)
- Lin Lei. (2010). Geng Shimin's calmness and persistence.
URL: <https://www.chinafolklore.org/web/index.php?NewsID=7202> (07.06.2023)
- Liu Weifan. (2018). Geng Shimin.
URL: <http://www.mzzyk.com/eportal/ui?pageId=663068&articleKey=729879&columnId=682254> (07.06.2023)
- Matreim S. (2014). Introduction to Turkic Linguistics. – Beijing: Minzu Publishing House, 2004. – 473 pages.
- Research on Turkic Philology. (2009). A collection of commemorative essays for Professor Geng Shimin's 80th Birthday. – Beijing: Minzu University of China Press, 2009. – 492 pages.
- Research on Turkic Language and Culture. (1997). – Beijing Minzu Publishing House, 1997. – 413 pages. (Collection of Collective Papers, Episode 2).
- Xiao Zhongyi. (2006). Collection of research papers on “Turkic Dictionary”. – Urumqi, China: Xinjiang People's Publishing House, 2006. – 386 pages.
- Zhang Dingjing, Abdureshit Y. (2009). Research on Turkic linguistics. Beijing, China: Central Publishing House for Nationalities, 2009. – 492 pages.